

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Лауазымдық нұсқаулық Техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі инженер	ЛН 260-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.01 8 беттің 1-беті
---	---	---

Бекітемін
«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды
техникалық Университеті» КеАҚ
Басқарма Төрағасы – Ректоры
_____ Сагинтаева С.С.
« _____ » _____ 2024 ж.

ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҚ

**ТЕХНИКА ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ
ИНЖЕНЕР**

ЛН 260-2024

Әзірлеген: ӘЗД директоры
М.М.Кожухова _____

Дана №. _____

Көшірме № _____

Қарағанды

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Лауазымдық нұсқаулық Техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі инженер	ЛН 260-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.01 8 беттің 2-беті
---	---	---

1 Қолдану саласы

Осы лауазымдық нұсқаулық (бұдан әрі - ЛН) «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ) сапа менеджменті жүйесіндегі (бұдан әрі - СМЖ) техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі инженерінің (ТҚ ж ЕҚ) басқа персоналымен лауазымдық міндеттерін, құқықтарын, жауапкершілігін және өзара қарым-қатынасын айқындайды.

2 Жалпы қағидалар

2.1 ТҚ ж ЕҚ жөніндегі инженер оқу-көмекші персонал санатына жатады.

2.2 ТҚ және ЕҚ жөніндегі инженер лауазымына тағайындау және одан босату «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Басқарма Төрағасы - ректорының бұйрығымен жүргізіледі.

2.3 ТҚ және ЕҚ жөніндегі инженер өз қызметінде:

- қауіпсіздік техникасы туралы ережені;
- осы лауазымдық нұсқаулықты басшылыққа алады.

2.4 ТҚ және ЕҚ жөніндегі инженер шаруашылық бөлімінің бастығына бағынады.

2.5 ТҚ және ЕҚ жөніндегі инженер университеттің барлық бөлімшелерінде еңбекті қорғау бойынша әдістемелік басшылықты жүзеге асырады.

2.6 ТҚ және ЕҚ жөніндегі инженер болмаған уақытта (іссапар, демалыс, ауру, т.б.) оның міндеттерін белгіленген тәртіппен тағайындалған адам орындайды, ол тиісті құқықтарға ие болады және өзіне жүктелген міндеттерді тиісінше орындауға жауапты болады.

3 Сипаттама

3.1 Біліктілік талаптары:

- кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі тиісті мамандық (біліктілік) бойынша жұмыс өтіліне немесе техникалық және кәсіптік, кейін орта (арнаулы орта, кәсіптік орта) білімі және І санатты техник лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 3 жыл.

3.2 ТҚ және ЕҚ жөніндегі инженер:

- ҚР заңнамалық, нормативтік құқықтық актілерін және еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша әдістемелік материалдарды;

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Лауазымдық нұсқаулық Техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі инженер	ЛН 260-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.01 8 беттің 3-беті
---	---	---

- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі басқа да нормативтік құқықтық актілерді;
- «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ өнім өндірудің негізгі технологиялық процестерін;
- жұмыс орындарындағы еңбек жағдайларын зерттеу әдістерін;
- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды;
- еңбек қауіпсіздігі техникасы стандарттарының жүйесін;
- жұмыстың ауырлығы санатына қарай жұмысшыларға қойылатын психофизиологиялық талаптарды (әйелдер, жасөспірімдер, жеңіл еңбекке ауыстырылған жұмысшылар);
- «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ-та қолданылатын жабдықтарды пайдалану ерекшеліктерін;
- жабдықтың техникалық жағдайының жұмыстарды қауіпсіз жүргізу талаптарына сәйкестігін бақылау тәртібі мен құралдарын;
- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша озық отандық және шетелдік тәжірибелерді;
- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі насихат пен ақпараттың әдістері мен нысандарын;
- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі іс-шаралардың орындалуы туралы есептілікті жасау тәртібі мен мерзімдерін;
- экономика, өндірісті ұйымдастыру, Еңбек және басқару негіздері;
- ҚР еңбек заңнамасын, ішкі еңбек кестесінің тәртібін, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптарын білуі керек.

3.3 Лауазымдық міндеттері:

- «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ бөлімшелерінде ҚР еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің сақталуын, қызметкерлерге еңбек жағдайлары бойынша белгіленген жеңілдіктер мен өтемақылардың берілуіне бақылауды жүзеге асырады;
- жұмыс орындарындағы еңбек жағдайларын зерделеу, қоршау техникасының неғұрлым жетілдірілген конструкцияларын, сақтандыру және бұғаттау құрылғыларын, қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың әсерінен өзге де қорғау құралдарын әзірлеу және енгізу туралы ұсыныстар дайындайды және енгізу;
- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді (тәртіпті, нұсқаулықтар мен стандарттарды) әзірлеуге қатысады және олармен «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ бөлімшелерін қамтамасыз етеді;

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Лауазымдық нұсқаулық Техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі инженер	ЛН 260-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.01 8 беттің 4-беті
---	---	---

- ғимараттардың, құрылыстардың, жабдықтардың, машиналар мен механизмдердің техникалық жағдайына, желдету жүйелері жұмысының тиімділігіне, санитариялық-техникалық құрылғылардың, санитариялық-тұрмыстық үй-жайлардың, қызметкерлердің ұжымдық және жеке қорғану құралдарының жағдайына тексерулер жүргізуге, олар тудыратын бұзушылықтар анықталған кезде жұмысшылардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіреді немесе апатқа әкелуі мүмкін еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкестігін айқындауға қатысады;

- цехтарда, учаскелерде, жұмыс орындарында машиналарды, жабдықтарды пайдалануды және жұмыстар жүргізуді тоқтату жөнінде шаралар қабылдайды;

- «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ өзге де бөлімшелерімен бірлесіп жұмыс орындары мен өндірістік жабдықтардың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарына сәйкестігін аттестаттау және сертификаттау жөніндегі жұмысты жүргізеді;

- кәсіптік аурулардың және өндірістегі жазатайым оқиғалардың алдын алу, еңбек жағдайларын жақсарту және оларды еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық актілерде көзделген талаптарға жеткізу жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге қатысады, сондай-ақ әзірленген іс-шараларды орындау бойынша ұйымдастырушылық көмек көрсетеді;

- өндірістегі жазатайым оқиғалар мен кәсіптік ауруларды есепке алудың бірыңғай тәртібін (автоматтандырылған ақпараттық жүйені енгізу) белгілеу бойынша жұмыс жүргізеді;

- тиісті қызметтердің жабдықтардың, машиналар мен механизмдердің жай-күйіне қажетті сынақтар мен техникалық куәландырулардың уақтылы жүргізілуін, қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың параметрлерін өлшеу кестелерінің сақталуын, қолданыстағы нормалардың, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі тәртіп пен нұсқаулықтардың, өндіріс процесінде, сондай-ақ жаңа жобаларда еңбек қауіпсіздігі стандарттарының сақталуын мемлекеттік қадағалау және бақылау органдарының нұсқамаларының орындалуын бақылайды және реконструкцияланатын өндірістік объектілерді пайдалануға қабылдауға қатысады;

- жұмыс берушінің қызметкерлерге еңбек міндеттерін орындауға байланысты мертігу, кәсіптік ауру немесе денсаулығының өзге де зақымдануы салдарынан келтірілген зиянды өтеу туралы мәселені қарауға қатысады;

- ұйымның бөлімшелеріне жұмыскерлер міндетті медициналық тексеруден өтуі тиіс кәсіптер мен лауазымдардың тізімдерін, сондай-ақ ҚР қолданыстағы заңнамасының негізінде жұмыскерлерге нұсқаулықтарды әзірлеу және қайта қарау кезінде ауыр, зиянды немесе қауіпті еңбек жағдайлары үшін өтемақылар мен жеңілдіктер берілетін кәсіптер мен лауазымдардың тізімдерін жасауда әдістемелік көмек көрсету еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, еңбек

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Лауазымдық нұсқаулық Техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі инженер	ЛН 260-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.01 8 беттің 5-беті
---	---	---

қауіпсіздігі стандарттары жүйесін ұйымдастыру стандарттары, нұсқаманы ұйымдастыру бойынша, қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша оқытады және білімдерін тексереді;

- жұмысқа жаңадан қабылданған, іссапарға жіберілген барлық оқушылармен және өндірістік оқытуға немесе практикаға келген студенттермен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша кіріспе нұсқамалар жүргізеді;

- ұжымдық шарттың «Еңбекті қорғау» бөлімін жасауға, өндірістік жарақаттану, кәсіптік және өндірістік шартталған аурулар жағдайларын тергеуге, олардың себептерін зерделеуге, олардың алдын алу бойынша жүргізілетін іс-шаралардың тиімділігін талдауға қатысады;

- еңбек жағдайлары бойынша өндірістік объектілерді аттестаттаудан өткізуді ұйымдастырады;

- арнайы киімді, арнайы аяқ киімді және өзге де жеке қорғану құралдарын сақтауды, беруді, жууды, химиялық тазалауды, кептіруді, шаңсыздандыруды, майсыздандыруды және жөндеуді ұйымдастыруды, сақтандыру құрылғылары мен қорғаныш құрылғыларының жай-күйін, сондай-ақ ұйым бөлімшелерінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі іс-шараларды орындауға бөлінген қаражаттың дұрыс жұмсалуды бақылауды жүзеге асырады;

- мүдделер қақтығысын болдырмау немесе реттеу туралы шектеулерді, тыйымдар мен талаптарды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды және өзге де шектеулерді сақтайды;

- белгіленген нысандар бойынша және тиісті мерзімдерде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша есептілік жасайды.

3.4 Құқықтары:

- «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ барлық бөлімшелерінде еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғаудың жағдайын тексеруге және анықталған кемшіліктерді жою туралы орындалуы міндетті нұсқамалар беруге;

- егер бұл жұмысшылардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндірсе немесе бұл туралы «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Басқарма Төрағасы-ректорын хабардар ете отырып, апатқа әкелуі мүмкін болса, машиналарды, жабдықтарды пайдалануға және жекелеген учаскелерде жұмыстар жүргізуге тыйым салуға;

- «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ және басқа ұйымдардың тиісті мамандарын еңбекті қорғау жай-күйін тексеруге тартуға;

- бөлімше басшыларынан еңбекті қорғау мәселелері бойынша материалдар сұратуға және алуға, еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі жөніндегі ережелер мен нормаларды, қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулықтарды бұзуға жол берген адамдардан жазбаша түсініктемелер талап етуге;

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Лауазымдық нұсқаулық Техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі инженер	ЛН 260-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.01 8 беттің 6-беті
---	---	---

- бөлімше басшыларынан осы жұмысты орындауға рұқсаты жоқ немесе еңбекті қорғау жөніндегі ережелер мен нормаларды, қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулықтарды өрескел бұзатын адамдарды жұмыстан шеттетуді талап етуге;

- «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Басқарма Төрағасы - ректорына жекелеген қызметкерлерді салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау жөніндегі белсенді жұмысы үшін көтермелеу туралы ұсыныстар беруге және өндірісте болған жазатайым оқиғаларда еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі жөніндегі ережелер мен нормаларды бұзуға кінәлі адамдарды белгіленген тәртіппен жауапкершілікке тарту туралы ұсыныстар енгізуге құқығы бар.

3.5 Жауапкершілігі

- салауатты және қауіпсіз еңбек және оқу жағдайларын жасау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру үшін;

- өндірістегі жазатайым оқиғалардың алдын алғу үшін жауап береді.

3.6 Қарым-қатынастар

Жұмыс барысында ТҚ және ЕҚ жөніндегі инженері барлық құрылымдық бөлімшелермен қызметтік қарым қатынасқа түседі.

4 Құжатқа өзгерістер енгізу

Осы ЛН-ге:

- функциялар мен лауазымдық міндеттерді қайта бөлу қажет болған кезде;
- қайта құру немесе қысқарту кезінде;
- ұйымның атауын өзгерту, лауазым атауын өзгертуге байланысты өзгерістер енгізіледі.

5 Келісу және қолданысқа енгізу

Лауазымдық нұсқаулық:

- инфроқұрылымды дамыту жөніндегі директормен;
- заң бөлімінің бастығымен;
- ПОҚ және қызметкерлер кәсіподақ комитетінің төрағасымен келісіледі

Лауазымдық нұсқаулықты «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Басқарма Төрағасы-ректоры бекітеді.

6 Сақтау

Лауазымдық нұсқаулық қызметкердің назарына «Танысу парағында» (Б қосымшасында) лауазымдық нұсқаулықтың түпнұсқасында және көшірмесінде

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Лауазымдық нұсқаулық Техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі инженер	ЛН 260-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.01 8 беттің 7-беті
---	---	---

қол қойылып жеткізіледі. Танысу туралы қолы қойылған бекітілген нұсқаулықтың ескерілген данасы ТҚ және ЕҚ жөніндегі инженерге беріледі, ал түпнұсқасы әкімшілік-заң департаментінің (ӨЗД) кадр бөлімінде сақталады

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Лауазымдық нұсқаулық Техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі инженер	ЛН 260-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.01 8 беттің 8-беті
---	--	---

А қосымшасы
(міндетті)

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Лауазымдық нұсқаулық Техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі инженер	ЛН 260-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.01 8 беттің 9-беті
---	--	---

Б қосымшасы
(міндетті)

Φ.02-2024

Танысу парағы

[illegible]